

АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ  
САҚТАУ БАСҚАРМАСЫ  
ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ  
ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ КОММУНАЛДЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК  
КӘСІПОРЫН  
«АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ  
ИНФЕКЦИЯЛЫҚ АУРУХАНАСЫ»



УПРАВЛЕНИЕ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ  
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ  
КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ  
ПРЕДПРИЯТИЕ НА ПРАВЕ  
ХОЗЯЙСТВЕННОГО  
ВЕДЕНИЯ  
«АТЫРАУСКАЯ ОБЛАСТНАЯ  
ИНФЕКЦИОННАЯ БОЛЬНИЦА»

060011. Атырау қаласы, Бейбарыс даңғылы 412  
Тел: 8 (7122) 52 00 76

060011. город Атырау, пр. Бейбарыс 412

**Атырау қаласы**  
**29.06.2026 ж.**

**«2026 жылдың сәуір мамыр айында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындысы бойынша қоғамдық талқылау өткізу туралы»**

Төраға: директордың орынбасары Д.Х.Елеуов

Катысқандар:

сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жұмыс тобының төрағасы Р.Кайыржанов,  
жұмыс тобының мүшелері;  
заңгер-комплаенс офицер Қ.Қ.Темиралиев  
кадр бөлімінің басшысы, А.Е.Джанбирбаева  
есеп бөлімінің қызметкерлері

### **КҮН ТӘРТІБІ**

«Атырау облыстық инфекциялық ауруханасы» ШЖҚ КМК-ны сәуір мамыр айында жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы бойынша қоғамдық талқылау.

**Аурухананың комплаенс офицері К.К.Темиралиев сөз бастады:**

2026 жылғы 15 сәуір 15 мамыр аралығында сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі жұмыс тобымен ауруханада сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізді.

Жүргізілген мониторинг бойынша анықталған сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдер фактілеріне сәйкес аурухананың бір қызметкері асхана қоймашысы

Мониторинг барысында аурухана асханасының қоймасы мен тоназытқыштарында санитарлық-эпидемиологиялық нормалардың қоймашымен өрескел бұзылғанын анықтады:

Сақтау мерзімі мен температуралық режим, тауарлық көршілестік ережесі, сақтау жағдайы, құжаттаманың жүргізілмеуі, асхана қоймашысы ҚР ДСМ 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 және 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-302/2020 бұйрықтарымен бекітілген санитарлық талаптар мен стандарттарды өрескел бұзған.

Сонымен қатар, инвентаризация қорытындысы бойынша тауар-материалдық құндылықтардың нақты қалдықтары мен бухгалтерлік есеп мәліметтері арасында айырмашылықтар анықталды. Атап айтқанда, тауық еті бойынша артықшылық тіркелсе, сары май мен творог өнімдерінен жетіспеушілік белгілі болды.

Осы орайда, алдағы уақытта заң бұзушылық болдырмаудың алдын алу үшін, ауруханада сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту бойынша ұсынымдар берілді, атап айтқанда:

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеу;
- аурухана аумағында өздеріне белгілі болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелеу мақсатында оларға қандай да бір адамдардың жүгіну фактілері туралы және т. б. басшылықтың назарына дереу жеткізу.

**Төрағалық етуші аурухана директорының орынбасары Д.Х.Елеуов сөз жалғастырды;**

Айтылғандардың негізінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс - шаралар жоспарын бекітті, онда орындаушылар мен орындау мерзімдері көрсетілген.

**Комплаенс офицер**



**К.К.Темиралиев**

**Хатшы**

**Қ.С.Аменова**